

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЛИСАКОВ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК

ҚАРАЛДЫ:

педагогикалық кеңесте
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 17 хаттама

БЕКІТЕМІН:

колледж директоры
_____А. Щетина
29 сәуір 2020 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Лисаков техникалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
2020-2025 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ПЛАН РАЗВИТИЯ

на 2020-2025 годы

Коммунального государственного казенного предприятия
«Лисаковский технический колледж»
Управления образования
акимата Костанайской области

Лисаков, 2020

«Лисаков техникалық колледжі» КМҚК
2020-2025 жылдарға арналған
стратегиялық даму жоспары

Педагогикалық кеңесте бекітілді
2020 жылғы 29 сәуірдегі
№ 17 хаттама

«Лисаков техникалық колледжі» КМҚК – ның 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, елдің Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауына, «Жас маман» жобасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының талаптарын ескере отырып құрастырылған және ұлттық кәсіби стандарттар мен халықаралық талаптарды ескеретін жаңа білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауға бағытталған.

Авторлық ұжым:

Щетина А.В., колледж директоры
Сачавская Т.Н., директордың ОЖ жөніндегі орынб.
Кенжина С.З., директордың ОӨЖ жөніндегі орынб.
Орунханова Г.Д., директордың ТЖ жөніндегі орынб. м.а.
Шуршина Н.Н., директордың ШЖ жөніндегі орынб.
Ищенко В.В., бас бухгалтер
Гурина М.Р., әдістемелік кабинет меңг.
Коржикова Н.А., КБ меңгерушісі

МАЗМҰНЫ

№	Бөлімдер атауы	Беттер
	Кіріспе	3
1.	Пайымы, миссиясы	5
2.	Ағымдағы жағдайды талдау. Проблемалар, жетістіктер	6
3.	Артықшылықтар, тәуекелдер, мүмкіндіктер	10
4.	Стратегиялық мақсаты мен міндеттері	11
	Нормативтік-құқықтық құжаттар тізімі	12

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бекітілді, оның мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында ұсынған бастамаларын іске асыруға бағытталған.

Бұл нормативтік құжаттар қазақстандық қоғамды әлемдік экономикалық кеңістікке елдің әлеуметтік-экономикалық серпіні бойынша өршіл міндеттерді іске асыруға бағыттайды

Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлеуметтік құндылықтарын өсіріп, табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдаулары, оның «Ұлы даланың жеті қыры», «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақалалары, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркенденуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізіне алынды.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту мен реформалау оны әлемдік практикаға жақындатуға, қазіргі қоғамның болмысына жауап беретін бәсекеге қабілетті етуге тиіс. Атап айтқанда, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдында жұмыс берушілерді тарта отырып, халықаралық талаптар мен сандық дағдыларды ескере отырып, жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау міндеттері тұр.

ТЖКБ жүйесі үшін осы міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар Н.Ә. Назарбаевпен 2019 жылы қаңтарда «Жас маман» жобасын таныстыру кезінде Жастар жылының ашылу салтанатында нақтыланды: «Біз 200 жаңғыртылған оқу орындарының базасында аса сұранысқа ие 100 индустриялық және сервистік кәсіптер бойынша мамандар дайындауды жүзеге асырғымыз келеді. Оқу орындарын заманауи жабдықтармен жабдықтау қажет. Нәтижесінде үш жыл ішінде біз жаңа стандарттар бойынша 200 мыңнан астам маман дайындап, 15 мыңнан астам оқытушы біліктілігін арттыра аламыз».

Колледждің негізгі стратегиялық міндеттері Елбасының алға қойған бастамаларын орындауға, сондай – ақ стратегиялық мақсаты «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» болып табылатын Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды

дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі-мемлекеттік бағдарлама) мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған.

Мемлекеттік бағдарламаның басым бағыттары:

- отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру;
- түлектер дағдыларының экономика талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби дамуы және жоғары мәртебесі;
- жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту;
- білім беру жүйесін және білім беру ұйымдарын бағалау;
- басқарудың тиімді құрылымын құру;
- мүдделі тараптармен қарым-қатынас құру;
- қаржы ресурстарын тиімді пайдалану.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК мынадай миссияны анықтады: «Әріптес кәсіпорындармен корпоративтік ынтымақтастық арқылы кәсіптік оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасын құру; ішкі және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие, мобильді, кәсіби-құзыретті, жоғары адамгершілік тұлғаны қалыптастыру».

Қазақстан Республикасының 200 жаңғыртылған оқу орындарының тобына кіру туралы пайымын ала отырып, «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК жастар арасында техникалық және кәсіптік білім берудің беделін жақсартуға, жаңа экономикалық жағдайда елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етуге дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға бағытталған 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын әзірледі.

1. ПАЙЫМЫ, МИССИЯСЫ

Пайымы:

Лисаков техникалық колледжі - жоғары технологиялық материалдық-техникалық базасы, жоғары білікті инженер-педагогикалық ұжымы бар, елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына жауап беретін жоғары білікті маман даярлауды жүзеге асыратын жаңғыртылған оқу орны.

Лисаков техникалық колледжі- Қазақстан Республикасының 200 жаңғыртылған оқу орындарының тобында.

Миссиясы:

Әріптес кәсіпорындармен корпоративтік ынтымақтастық арқылы кәсіптік оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасын құру; ішкі және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие, мобильді, кәсіби-күзиретті, жоғары адамгершілік тұлғаны қалыптастыру.

2. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ. ПРОБЛЕМАЛАР. ЖЕТІСТІКТЕР

«Лисаков техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тау-кен саласы, құрылыс кешені және қызмет көрсету саласы үшін 18 мамандық және 26 біліктілік бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын Лисаков қаласындағы жалғыз оқу орны болып табылады.

Типтік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту үлесі соңғы жылдары 14% деңгейінде.

Оқуға қабылдау соңғы бес жыл ішінде құбылмалы және 2019 жылы қабылдаудың өсуін атап өткен жөн: оқытуға 276 адам қабылданды, бұл 2017 жылға қарағанда 37,2% - ға және 2018 жылға қарағанда 9,4% - ға жоғары. Бұл көрсеткіш 2015-2016 жылғы деңгейге жақындады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау 150-175 адам шегінде ауытқиды.

Қабылдау ұлғайған жағдайда білім алушылар контингентінің өсуі, яғни жоспарлы индикативтік көрсеткіштер мен іс-шаралардың орындалуының оң динамикасы байқалатын болады.

11 сынып базасында қабылдаудың қысқаруына байланысты 2015-2019 ж.ж. **білім алушылар контингентінің** төмендеу үрдісі бар.

2016 жылмен салыстырғанда контингент 14,6% қысқарды және 2019-2020 оқу жылының басында 730 адам құрады. 2018-2019 оқу жылына қарай контингенттің тұрақтану динамикасы байқалатынын айта кету керек, бұл жылы білім алушылар саны 735 адамды құрады.

2019 жылдың 01 қыркүйегіне күндізгі бөлімде білім алушылар саны 586 адамға тең, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,6% жоғары. Күндізгі оқу нысаны контингентінің үлес салмағы - 80%. Сырттай бөлімде білім алушылар саны 2017 және 2018 ж.ж. салыстырғанда 12,5% төмендеді және 01.10.2019ж. 144 адам құрады. Сырттай оқу нысаны контингентінің жалпы санындағы үлес салмағы 20% - ға тең. Күндізгі бөлімде 9 сынып базасында білім алушылар саны 96% құрайды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының шеңберінде «Автокөлікті жөндеу слесарі», «Электргазымен дәнекерлеуші», «Экскаватор машинисі» жұмысшы біліктіліктері бойынша 98 адам оқиды.

Жұмысшы мамандықтары бойынша білім алушылар санының оң динамикасы байқалады. 2017 жылы олардың үлес салмағы күндізгі бөлім шеңберінде 22,5% құрады, 2018 жылы – 28%, 2019 жылы – 40%.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың деңгейі соңғы үш жылда 75-80% шегінде өзгереді.

Шығару 2019 жылы 239 адам құрады, бұл 2018 жылдың шығаруынан 10% артық. Мемлекеттік тапсырыс бойынша шығару 201 адамға тең, немесе 84,1%, бұл 2018 жылға қарағанда 4,6% артық. Күндізгі бөлімде 162 маман шығарылды (барлығы мемлекеттік тапсырыс бойынша) немесе түлектердің

жалпы санынан 67,8%. Сырттай бөлімде 77 адам шығарылды, немесе 32,2% , оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 39 адам, немесе сырттай бөлімде шығарылғандардың санынан 50,6%. Орта буын мамандары – 181 адам, жұмысшы біліктіліктері – 58 адам (немесе 24,3%). Үздік диплом алғандар 24 түлек, немесе жалпы шығарудан 10%. Бұл 2018 жылға қарағанда 6 дипломға артық.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған түлектерді жұмысқа орналастыру техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің басты индикативтік көрсеткіші болып табылады.

2016-2019 жылдар ішінде «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК индикативтік көрсеткішке қол жеткізудің орташа деңгейі 66% құрайды.

Көп жылдар бойы Лисаков техникалық колледжінің басты институционалдық әріптестері ірі бизнес кәсіпорындары болып табылады: «Алюминий Казахстана» АҚ, КБКБ, «ССКӨБ» АҚ, «Варваринское» АҚ, «Шаймерден» АҚ, «Өркен» ЖШС. Жұмысқа орналасуда және практикадан өтуде қала мен облыстың орта және шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары маңызды рөл атқарады: «Имсталькон» ЖШС, «Лисаковскрудстрой» ЖШС, «ДОН МАР» ЖШС, «Казметаллургремонт» ЖШС, «Универсал престиж» ЖШС, «Декор Лисаовск» ЖШС, «Лисаковқалакоммунэнерго» ӨШБ МКК және басқалары. Барлығы ынтымақтастық туралы 20 ұзақ мерзімді шарт жасалды.

Әлеуметтік әріптестіктің әртүрлі салалық жүйесі колледждің маңызды артықшылығы және жұмыстың маңызды бағыты болып табылады. Лисаков техникалық колледжі әлеуметтік әріптестермен жұмыс істейтін үздік оқу орындарының бірі мәртебесін бірнеше рет растады. 2009 жылы «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің үздік оқу орны» Республикалық конкурсында колледж 3 орын алды.

Түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші тұрақты өлшем болып табылмайды, өйткені жұмысқа орналасушылар мен жоғары оқу орындарына, колледждерге түсушілердің, ҚР Қарулы күштеріне қызметке жіберілгендердің ара қатынасына байланысты болады. Қаланың және өңірдің өндірістік кәсіпорындарында еңбек ақысының өсуімен мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитындардың жұмысқа орналасуының орташа көрсеткішінің 2023 жылға қарай 70% - ға дейін артуын күтеміз.

Түлектерді жұмысқа орналастыру үшін еңбек нарығындағы жағдайды бақылау мақсатында колледж жыл сайын жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізеді: бос орындар жәрмеңкесі, «дөңгелек үстелдер», көшпелі педагогикалық кеңестер, экскурсиялар және т.б.. Қала ұйымдары мен кәсіпорындарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандары қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы және мүшелері ретінде тартылады, бұл оларға іріктеу жүргізуге және жас мамандарды жұмысқа шақыруға мүмкіндік береді. Түлектермен ҚР «Еңбек» бірыңғай бос орындар базасында бос орындарға іздену үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Колледждің оқу-материалдық базасы оқу - зертханалық корпусының типтік ғимаратын, жалпы ауданы 7260,6 ш. м., оның ішінде пайдалы-5871,3 ш. м. және жатақхана ғимаратын, тиісінше – 4041,3 ш. м. және 3910,7 ш. м. қамтиды.

Оқу бөлмелерінің жалпы саны – 57, оның ішінде оқу кабинеттері – 42, зертханалар-7, шеберханалар – 8. Қазіргі заман жабдықтармен жабдықтау шамамен 44 % құрайды. Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер кабинеттерін, зертханалар мен шеберханаларды қазіргі заманғы жоғары технологиялық оқу жабдығымен жаңарту талап етіледі. Оқу-материалдық базаны жаңарту колледждің жастар үшін тартымдылығын қамтамасыз етеді, өңірдегі оқу орнының беделін арттырады.

Колледжде 240 орындық жатақхана жұмыс істейді, бұл Лисаков қаласының әкімшілік аумағымен шекаралас Таран, Денисов, Қамысты аудандары мектептерінің түлектерін оқытуға тартуға мүмкіндік береді.

Колледж штатында 49 инженерлік -педагогикалық қызметкер бар, оның ішінде оқытушылар – 31 адам, өндірістік оқыту шеберлері - 7 адам. Жоғары және бірінші санаттылар– 49,6 %, бұл өткен жылдардың деңгейінен 11 % төмен. Педагог қызметкерлер арасында сапалық құрамның төмендеуі жоғары және бірінші санатты қызметкерлермен еңбек шарттарының бұзылуына (тұрғылықты тұратын жерінің өзгеруі, зейнеткерлік жасқа жетуі) байланысты болды. ««Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қостанай облысы бойынша филиалында, ««Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ-да курстық дайындық арқылы, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындарда оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамадан өтуі арқылы жүзеге асырылатын инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру колледжде үнемі бақылауда.

Жоғары білікті мамандарды даярлау білім беру процесін тұрақты жаңғыртуды талап етеді. Лисаков техникалық колледжі оқытудың дуальды нысанын, құзыреттілікке негізделген модульдік оқыту технологиясын енгізді. 2016 жылдан бастап 2019 жыл аралығында дуальды оқыту «Жиһаз жинақтаушы» біліктілігі бойынша өткізілді, колледж, «Декор Лисаковск» ЖШС, «Жиһаз» ЖШС ұйымдары және білім алушылар арасында үш жақты келісім-шарттар жасалды. 2018 жылдан бастап дуальды оқыту «Электргазымен дәнекерлеуші», «Автокөлікті жөндеу слесарі», «Экскаватор машинисі» біліктіліктері бойынша жүзеге асырылады. Дуальды нысан оқыту тиімділігінің өсуін қамтамасыз етеді, өйткені студенттер қажетті дағдылар мен машықтарды тікелей еңбек ортасында алады. 2016 жылдан бастап 2019 жыл аралығында «Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту» мемлекеттік жобасы аясында 1401000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша модульдік оқыту технологиясын енгізу эксперименті өткізілді. 2017 жылдан бастап 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 0706000 «Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу», 0707000 «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», 1302000 «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша модульдік білім беру бағдарламаларын енгізу

бойынша эксперимент іске асырылуда. Модульдік-құзыреттілік тәсіліне негізделген оқу жоспарларын және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және келісуге «Лисаковскрудстрой» ЖШС, «Алюминий Казахстана» АҚ Филиалы КБКБ, «Өркен» ЖШС, «ССКӨБ» АҚ Қоржынкөл кен өндіру цехының, қаланың тамақтандыру кәсіпорындарының («Марсел» крем-бисквит цехы, «Тортилия» кондитерлік цехы, «VIKTORY-L» ЖШС) құрылымдық бөлімшелерінің мамандары мен басшылары тартылды.

Педагогикалық ұжым мен студенттердің жұмыс көрсеткіші Worldskills чемпионатына дайындық және қатысу болып табылады. 2017 жылы Прокопьев Яков «Электромонтаж» құзыреті бойынша 2-орын алды, қазіргі уақытта «Интерфон» ЖШС шебер болып жұмыс істейді. 2018 жылы «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету» құзыреті бойынша Нескородов Сергей 3-орынды жеңіп алды, қазір «Сарыағаш» ЖШС автомобильдерді жөндеу шебері болып еңбек етеді. «Аспаз ісі» құзыреті бойынша Тазов Юрий 2-орын алды, қазіргі уақытта Қостанай қаласының беделді мейрамханаларының бірінде жұмыс істейді. Колледж студенті Кухтенкова Алёна «Графикалық дизайн» құзыреті бойынша 3-орын алды. 2019 жылдың мамыр айында Worldskills облыстық чемпионатына біздің студенттер бес құзыреттілік бойынша қатысты – «Электромонтаж», «Графикалық дизайн», «Веб – дизайн және өңдеу», «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету», «Дәнекерлеу технологиясы». Римашевский Алексей «Нәтижеге ұмтылу» номинациясына ие болып, «Сарыағаш» ЖШС-не автокөлікті жөндеу слесарі ретінде жұмысқа шақырылды.

Колледж түлегі Рейдих Виктор, қазіргі уақытта «Варваринское» АҚ қызметкері, 2018 жылы Екатеринбург қаласында өткен Worldskills халықаралық чемпионатында «Өнеркәсіптік механика және монтаж» құзыреттілігі бойынша екінші орын алды.

Білім алушылар мен түлектердің жетістіктері колледжге білім беру ортасын жаңартуға және кәсіптік білім алуда жастар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған стратегиялық іс-әрекеттерді қалыптастыруға негіздеме береді.

2018 жылдан бастап Лисаков техникалық колледжі мен әлеуметтік әріптестер арасында құзыреттілік орталығы аясында өзара әрекеттестікте жаңа бағыт дамуда. Құзыреттілік орталығының негізгі қызметі қысқа мерзімді бағдарламалар бойынша тау-кен металлургия саласының кәсіпорындары үшін жұмысшы кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру болып табылады.

Жұмыс берушілермен техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және жетілдіру бойынша бірлескен жұмыс жастар арасында Лисаков техникалық колледжінің беделін жақсартарды, яғни жас кадрларды қаланың, өңірдің, елдің еңбек ортасына тартуға ықпал етеді деп үміттенеміз.

3. АРТЫҚШЫЛЫҚТАР, ТӘУЕКЕЛДЕР, МҮМКІНДІКТЕР

2016 жылдан бастап «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған «Техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау» техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын іске асыра отырып, 2016-2020 жылдарға арналған Даму бағдарламасы шеңберінде жұмыс істеді және:

- ТжКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету.
- елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту.
- «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы және салауатты өмір салты мәдениеті шеңберінде білім алушыларда рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту бойынша міндеттерді орындады.

Қойылған міндеттерді шешу әлеуметтік әріптестермен байланысты нығайтуға және кеңейтуге, материалдық-техникалық базаны жаңартуға, кадрлық әлеуетті дамытуға, колледж имиджін жақсартуға бағытталды.

Өткен кезеңдегі қызметті талдай отырып, «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК оқу орнының тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін негізгі артықшылықтар мен мүмкіндіктерді, сондай-ақ білікті мамандарды даярлау бойынша қойылған барлық міндеттерді іске асыра отырып, өз қызметінде ескеру және оларды жоспарлы түрде теу қажет тәуекелдерді анықтады.

SWOT-талдау

Артықшылықтары (күшті жақтары):

- Лисаков қаласында техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау бойынша бәсекелес колледждердің болмауы;
- жұмыс берушілермен өзара әрекеттестіктің жөнге салынған жүйесі;
- оқытудың дуальды нысанын енгізу;
- әлеуметтік әріптестіктің әртүрлі салалық жүйесі.

Әлсіз жақтары:

- халықаралық білім беру ұйымдарымен студенттермен алмасу, педагогтердің жұмыс тәжірибесі бойынша байланыстың болмауы;
- педагогикалық кадрлардың қартаюы;
- жоғары білікті өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларының жетіспеушілігі;
- білім беру процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесінің болмауы;
- ата-аналар қауымдастығының төмен белсенділігі.

Тәуекелдер мен қауіптер:

- 11 сынып базасында қабылдаудың қысқаруына байланысты контингенттің төмендеуінің жалғаспалы динамикасы;

- техникалық мамандықтар бойынша тез тозатын материалдық-техникалық база;
- жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру материалдық-техникалық базаны жаңарту мүмкіндігін шектейді;
- жастар арасында жұмысшы кәсіптер беделінің төмендеуі;
- басқа елдерге көші-қонмен байланысты, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты білікті педагог қызметкерлердің кетуі;
- ТжКБ жүйесіндегі жалақы деңгейінің өндірістік ортадағы жалақының орташа деңгейіне сәйкес келмеуі кадрлық құрамды жаңарту мәселесіне жүйелі түрде қарауға мүмкіндік бермейді.

Мүмкіндіктер:

- педагогикалық кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуы;
- жұмыс берушілердің қаражаты есебінен материалдық-техникалық базаны жаңарту;
- жұмыс берушілермен байланысты жетілдіруді қамтамасыз ететін оқытудың модульдік технологиясын енгізу;
- колледждің, жергілікті атқарушы билік органдарының, жұмыс берушілердің, Лисаков қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының, Кәсіпкерлер Палатасының тығыз байланысын болжайтын, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелерінде қиындықтарды шешетін әлеуметтік әріптестіктің тиімді жүйесін құру.

Келесі сұрақтар өзекті болып қалуда:

- білікті педагог қызметкерлердің штаттық құрамын қалыптастыру және олардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін құру;
- жұмысшы кәсіптердің беделінің төмен деңгейі, бұл жастарды техникалық және кәсіптік білім беру жүйесімен жеткіліксіз қамту себебі болып табылады;
- IT-ны жеткіліксіз пайдалану, сандық білім беру ресурстарын қолдану;
- жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту;
- жоғары технологиялық білім беру ортасын құру үшін қазіргі заманғы оқыту құралдарымен материалдық-техникалық базаны жаңғырту;
- білім алушыларда рухани-адамгершілік қағидаттарды тәрбиелеу және дамыту, дене шынықтыру мен спортқа баулу.

4.СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» стратегиялық мақсатын анықтады.

Қазақстандық білімнің алдына қойылған стратегиялық мақсаттарды орындау үшін, колледж миссиясын іске асыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.
- Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту.
- Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
- Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
- Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.
- Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
- Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.

Міндеттерді шешу оқу орнына педагог кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға, біліктілікті арттырудың тиімді жүйесін қалыптастыруға; азаматтардың түрлі санаттары үшін техникалық және кәсіптік білімге қолжетімділікті, оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз етуге; жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңартуға; материалдық-техникалық базаны қазіргі заманғы оқыту құралдарымен жаңғыртуға, жоғары технологиялық білім беру ортасын құруға; білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы.
4. Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
8. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында берген тапсырмасы.
9. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркенденуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.